

Түркістан облысы
Шардара ауданының адами
әлеуетті дамыту бөлімінің
Б.Сокпақбаев атындағы жалпы
орта мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное
учреждение Отдела развития
человеческого потенциала
Шардаринского района
общая средняя школа
им.Б.Сокпақбаева
Туркестанской области

БҰЙРЫҚ

№ 176
31.05 2023 жылғы
Шардара қаласы

ПРИКАЗ

№.....
.....2023 год
город Шардара

2022-2023 оқу жылын аяқтау және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 19.04.2023ж.
№181 бұйрығына сәйкес, 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

I. 2022-2023 оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

I. Білім алушылардың оқу сабақтары 31.05.2023ж. аяқталсын.

II. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген
9 сынып білім алушылары, төрт пәннен мемлекеттік қорытынды емтихандары
2023 жылғы 2-13 маусым аралығында төмендегі нысанда тапсырылсын:

-қазақ/орыс тілі (оқыту тілі бойынша эссе жазбаша)-2023 жылғы 2- маусым;

-математика (алгебра) (жазбаша бақылау)-2023 жылғы 6- маусым,

-қазақ сыныбында Орыс тілі мен әдебиетінен, орыс сыныбына қазақ тілі мен
әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)-
2023 жылғы 9 маусым

-Таңдау пәні бойынша биология, Қазақстан тарихы, орыс әдебиеті (жазбаша) - 2023
жылғы 13 маусым;

III. 11 сынып білім алушылары қорытынды бітіру аттестаттауы 2023ж 5 маусым-19
маусым күндері аралығында төмендегі нысанда өткізілсін:

-қазақ тілі (жазбаша)- 2023 жылғы 5 маусым;

-Алгебра және анализ бастамалары (жазбаша бақылау)-2023 жылғы 8 маусым;

-Қазақстан тарихы (ауызша)- 2023 жылғы 12 маусым

-Орыс тілі және әдебиеті (жазбаша емтихан)- 2023 жылғы 15 маусым

- Таңдау пәні бойынша жазбаша (биология, география,)-2023 жылғы 19 маусым

IV. Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз баға алған 9 және 11 сыныптардың білім
алушылары мектепте тиісті оқу пәндері бойынша 2023 жылғы 13-20 маусым
аралығында қайта қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберілсін.

V. Қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып
тіркелген) талаптарына сәйкес өткізілсін. 2022-2023 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз
етсін.

VI. 9 және 11 сынып білім алушыларының емтихан жұмыстары, емтихан
материалдары уақытылы ашылып, оқушыларға үлестіру емтихан алушы пән
мұғалімдеріне жүктелсін.

ҮІІ.9-сынып білім алушылардың аттестат берілуі 16-маусымда,11 сынып білім алушылары мектеп бітіруі 2023жылғы 22 маусымда аяқталсын.

ҮІІІ. Оқушылардың емтиханға уақытылы келуін қадағалау және емтихан өтетін кабинеттерді дайындау сынып жетекшілерге жүктелсін.

ІХ. Емтихан материалдары электронды нұсқада жеткізілетіндігін және «Алтын белгі» белгісіне үміткерлердің жазбаша жұмыстарын облыстық білім басқармасы жанынан құрылған комиссия тексеретіндігін ескеремін.

Х. Білім алушылардың қорытынды аттестаттау кестесі түзіліп, дайындық күшейтілсін.

ХІ. Осы бұйрықтың орындалуы өзіме және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.Оналбаеваға жүктелсін.

Негізі: Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің

19.04.2023ж.№1816бұйрығына

Мектеп директоры



Е.Д.Акбердиев

Бұйрықпен таныстым: